




ДИПЛОМАТИЯ: КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘРТІП НЕГІЗДЕРІ

Коммуникацияның статистикалық
талдауы



Бұл дәрісте коммуникацияның статистикалық талдауы беріледі, сигналдық гипотезалар қайта қаралады. Халықаралық қатынастарды жүргізуде бірегей факторлар мемлекеттердің ниеттерін құруда ықпалы болады ма әлде жоқ па? Қауіп төндіру ниеттер негізінен жариялым ретінде немесе тіпті жеке хабарлама ретінде беріледі. Берілгендердің талдауы, теоретикалық модельдердің болжауын растайды. Талаптар, ұсыныстар және кепілдік туралы берілгендер сигналдық гипотезаларды статистикалық талдау барысында Еуропалық державалардың 1900–1914 ж. аралығындағы болған барлық ұсыныстар және кепілдіктері Британдық құпия мөрінен алынған. Оның ішінде 955-ке жуық өтініштер жатады, оның 83%-ы дипломаттар мен сыртқы істер мәселесін шешетін беделді адамдардың ұсыныстары мен қауіп төндіру туралы хабарламалары т.б. жатады. Олармен нақтырақ танысайық: егер бір мемлекет екінші мемлекетке бірнеше рет сұраныс жіберсе, бұл жағдайда бақылаушылар байқауға алады.

Концессиямен байланысты кейбір факторлар қауіптердің шынайы болғанымен байланысты деген тұжырымға келеді. Алайда алдымызда оқып үйренген модельдерге сүйенсек, бұл қате нәтижеге алып келуі мүмкін, өйткені сенім мен мәжбүрлеу екі жақты процесс бір-біріне қарама-қайшы келеді. Шын мәнінде дипломатиялық қауіп төндіру хабарламалары көлемді кең сұрақтарды қамтуы керек, ол халықтың сенімділігін арттырады, алайда оны орындау барысы қиындыққа соғады немесе кей жағдайларда мүмкін емес. Осылайша бұл дәрісте негізінен акторлар жасаған хабарламаларды талдау көрсетіледі.




- (Сол жақ шетте) сұраныстар, ұсыныстар саны;
- (Төменгі сол жақта) Сұраныстар;
- (Төменгі оң жақта) ұсыныстар;
- (Төменде атауы) 1900–1914 жылдар аралығындағы сұраныстар мен ұсыныстар.

Сызбада көрсетілгендей XX ғасырдың басында дипломатия біркелкі, шамалы болған. Жыл сайын үкімет басшылары шамалы талаптар мен ұсыныстар ұсынды. Жағдай 1905 ж. Марокко




шиеленісінен кейін өзгерді, осы жағдайлар еуропалық дипломаттарының санасы мен ой өрісіне ықпалын тигізді. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңына дейін дипломатиялық қызмет қарқынды дамыды. Шиеленіс келіссөздер дипломатиялық тәсілдерді қолдануды талап етті. Сол кезде пікірталастар, ортақ жарияланымдар мен конференциялар бір ретте өтіп, ортақ мәселелерді шешуге тырысты. Дипломатиялық белсенді мемлекеттердің бірі Германия болды. Британия Германия үшін ерекше нысан болып табылды, оны біз сызбалардан көре аламыз.



Британия
Франция
Германия
Ресей
Австро-Венгрия
Дипломатиялық ұсыныстардың желісі.

Германиядан шыққан ұсыныстар мен талаптар жоғарғы дәрежедегі жиілікті көрсетті. Он шақты шиеленіс қарым-қатынастардың ішінде ең қатты шиеленіс Ресей мен Австро-Венгрия арасында орын алды. Көп жағдайда тығыз байланысқан мемлекеттер аз талаптар қоятын болғанын дәлелдемелер көрсетеді. Дипломатиялық өтініштер шетелдердегі шенеуніктердің пікірлерін өзгертуге ықпалын тигізетін болған. Сайып келгенде шет елдік шенеуніктер үшін жеке өтініштер маңыздырақ болған және олар осы хабарламаларға мұқияттылық танытқаны көрсетіледі. 6-бөлімдегі талдау арқылы дипломатиялық тәсілдерді қолдану есебінен, ағылшындар мынадай қорытындыға келеді: көпжағдайда бірінші мемлекет үшінші мемлекетке қарсы агрессивті ниетте немесе позицияда болған. Кейде бірінші мемлекет екіжүзділікті танытқан, прагматикалық мүдделер есебінен. Алайда осындай жағдайларда концессия туралы өтініштер түпнұсқалы деп есептелген.



(Сол жақ шетте) өтініштердің пайызы;
(Оң жақ жоғарыда) жекелей өтініш;
Жариялы өтініштер;
Атауы қатерлер мен ұсыныстардын алынған қорытындылар.

Сызбада көрсетілгендей жарияланған қауіптер жеке-дара жасалған қауіптерге қарағанда оң нәтиже көрсетеді. Британдықтардың есептеріне 89%-ы қауіп төндірудің жарияланған түрі әсер еткен. 7.1. гипотезасын қолдай отырып, жеке және жария жасалған қауіп төндіру хабарламалардың айырмашылығы айрықша.

Талаптардың көлемі

Мелекеттер қарым-қатынастары ұсыныстар мен талаптардан тұрады, осы тұрғыдан біршама қорытындылар да жасауға мүмкіндік береді. Алайда сұраныстың көлемінің механизмін статистикалық талдаумен жасау қиындықты тудырды. Бір жағынан 3.1. гипотезасына сүйенсек, жеке хабарлама ретінде берілген қауіптер, шын мәнінде орындалады дегенді білдіреді, екінші жағынан 3.2. гипотезасы көрсеткен талаптар көлемінің ұлғаюы оның шын мәнінде орындалатыны туралы күмәндікті туғызады. Гипотеза 3.3. анықтағандай, жекеше жарияланған концессиялар, келешекте одан әрі жеңілдіктер беруі ықтималдылығы артады. Бұл гипотезаларды да толыққанды бағалау қиын мәселе, жүйелі түрде жеке концессиялар мен берілуі ықтимал концессиялары арасында айырмашылықты айыру қиындыққа соғады.


Кейбір оқиғалардың нәтижелеріне сүйенсек, 3.4. гипотезасы көрсеткендей, беделі бар мемлекет егер де концессия жарияласа, басқа мемлекеттердің бақылаулары бойынша, келесі жолы осындай мүмкіндік берілмейді деген тұжырымдар келтіріледі. Керісінше, беделі төмен немесе әлсіз мемлекеттің мүмкіндіктері неғұрлым төмен болса, соғұрлым қосымша концессияларды белгілейді, ол негізінен қанды соғысты болдырмау үшін жасалатын әрекет



болып табылады. Кейбір оқиғаларды есепке алмасақ көп жағдайда, мемлекет концессияға бармайды, егер концессия берілетін мемлекеттің мүмкіндігі одан 1, 25 есеге жоғары болса. Көп жайғада мемлекеттер концессия беруге дайындығы, оның жағдайының нашарлығымен сипатталады, өйткені соғыс оның экономикасынан тыс көптеген қырларын төмендетуге әкеледі. Пирсон 2, критеріі бойынша, айтылған мәліметтер 3.4. гипотезасын қолдайды.

Бұзылу қаупі

4-бөлімде сигналдар бір жағдайда ескеріледі, ол екі мемлекеттің қатынасының бұзылған жағдайында. Соғысқа шығатын мемлекеттердің қарым-қатынасы тығыз байланыста болса, олар соғысқа шықпас бұрын бір-бірінің ниеттерін дипломатиялық жолмен өзгертеді немесе шиеленісті бәсеңдетуге тырысады, оны (гипотеза 4.2.) қолдайды. Автор, егер агрессивті қорытынды дипломатиялық немесе әскери акцияға сілтеме жасаса, онда ол сол күні белгіленген деп кодталады. Осындай кодтау модельдерін ұсынған және шиеленістердің себептері мен салдары туралы зерттеген келесі авторлардың еңбектері ерекше: Бек, Кац, Такер, Картер и Синорино. Олар көбінесе логит-функцияны қолданған.



(Сол жақ шетте) қарама-қайшы тарапты агрессияға жүгіндіру/жеке қатер;
(Оң жақ шетте) қарама-қайшы тарапты агрессияға жүгіндіру/қауіп жоқ;
Сигналдаушының жұпты мүмкіндіктеріндегі үлесі;
Жеке қатер;
Қатер жоқ.

Карсыластың жоғары мүмкіндіктері жоғары агрессиялықты танытады деген пайымға келеді. Сызбадағы 1-модельде қарсы мемлекеттің мүмкіндіктері 40%-дан 60%-ға көтеріліп, оның агрессивтілігі 22%-ға жоғарлайды.

1905 жылғы марокколық шиеленіс кезінде неміс елшісі былай деді: «егер француз министрі Мароккоға қатысты әскери әрекеттерді сақтаса, неміс армиясы шегараны басып өтеді. Қауіп төндірудің тікелігіне қарамастан ол француздық немесе британдықтардың Германияның



ниеттері туралы қорытындысына әсерін бермеді». 4-бөлімде қарастырғандай күшті акторлардың қауіптері бақылаушыларға шамалы ықпал етеді.

Протежені қолдау

Берілгендер протежені қолдауда 36 жеке ұсыныстарды қамтиды. Құжаттамалардың дәлелдеріне сүйеніп, мемлекеттердің протежені қолдауы 94%-ға жуық оған батылдық беретіні және сол қолдаудың күшімен протеже агрессиялы іс-әрекеттер жасайтыны анықталды.


Гипотеза 5.1 растайды. Сонымен 6-бөлімде қарастырылған стратегиялық контекст 5.1 және 5.2 гипотезаларын анықтайды, сонымен бірге оның халықаралық саяси жүйеге әсер ететіні расталады. 5.3 гипотезасына сүйенсек, үшінші мемлекеттің протежені қолдауда екеуінің мүдделері ортақ болуы керек. Алайда 36 бақылаудың регрессивті талдауы, кейбір жағдайларда басқа факторларды есепке алса, көп жағдайда 5.3. гипотезасын қолдайды. Оны формуламен растайтын болсақ; S-Score протеже мен үшінші мемлекет арасындағы мүдделері біркелкі болса, $S > .9$ үлкен болады, ол мүдделердің бар екендігі және ол тығыз байланыста екені расталады, 90%-ы бақылаушылардың есептері, үшінші мемлекеттің жеке өтініштерінен аллынған. Егер $S < .9$ онда 50% қауіптер бақылаушыларға ықпалын тигізеді деген пайымға келеді.

Жеке және қоғамдық қауіптер мен ұсыныстар


Жеке және қоғамдық қауіптер мен ұсыныстар бақылаушылардың қорытынды жасауына әсерін тигізеді. Сызбада көрсетілгендей келесі қорытындыларды алып келеді. 2-модель, қоғамдық шығындар гипотезасын бақылаудан алынған, қауіптің қоғамдық табиғаты, халықтың сенуіне алып келеді, қалғандары – балама болып табылады. Бұл жағдайда қауіп 1 деп белгіленсе, жеке немесе қоғамдық жарияланымы 0 деп белгіленеді. Модель күтпеген жағдайда жасалған қауіп көп жағдайда қауіп төндіруші мемлекеттің агрессивті екенін түсіндіреді. Ол 84%-ды құрайды. Ал қауіп төндіру туралы қоғамға ашық жарияласа, онда ол мәселе бойынша қорытындының 94%-ын құрайды. Айырмашылығы ($p = .05$) ге тең. Автор қоғамдық жарияланымдар ретінде берілген қауіптің халықтың сенімділігіне бөленуін құжаттамалық дәлелдемелермен келтіреді. Ол қоғамдық хабарламалар жекеге қарағанда анық қорытындылар береді дейді. Оны тексеру үшін, белгілі сөздер мен хабарламаларды зерттеген. Мысалы, «Австрия мобилизация жүргізуі», «мүмкін» деп кодталған. «Франция Германияға концессия жасайды деген» орташа сенімділік немесе «Германияның Ресеймен қатынасын жақсартады» деген сенімсіздік тудырады деп кодталған. Одан басқа кодтау алгоритмімен C қосымшасында таныса аласыз.

Жеке және қоғамдық қауіп-қатерлер мен ұсыныстар көбінесе бақылаушылардың сеніміне айтарлықтай ықпалын тигізеді. Бірақ қоғамдық қатерлер мен ұсыныстар қаншалықты ықтимал? Ұсыныс берілген жағдайда жауап болмайды дегенді білдіреді. Екінші слайдта көрсетілгендей, қоғамдық ұсыныстарға қарағанда жеке ұсыныстың жоғары пайызы келесі қорытындыға алып келеді.

Бірінші слайдта модельді аудитория шығындарының гипотезасын бағалау үшін пайдаланылды, оған сәйкес қауіптің қоғамдық сипаты сенімнің қосымша көзі болып табылады, ал қалғандары тең. Бұл модель жоғарыда талқыланған 1-үлгіге ұқсас, тек жеке қауіптің орнына айнымалы қауіп қолданылған. Қауіп жариялы немесе жекелей қатер болып жасалған болса, ол 1 болып кодталған, басқаша жағдайда ол 0 деп белгіленген. Бұл ерекшелікте ауыспалы қоғамдық қауіп-қатер жеке қауіп мәлімдемеден айырмашылығы бар әсерін анықтайды. Бұл мәліметтер аудиторияның құны гипотезасын растайды.



Сол жақ шетте өтініштердің пайызы;
Оң жақ шетте;
Жеке өтініштер;
Жариялым өтініштер;
Сол жақ төменде қатер;
Оң жақ төменде ұсыныс;
Қатерден және ұсыныстан алынған қорытындылар.





Сол жақ шетте қауіптен кейінгі пайыз;
Жекелей қауіп;
Жариялы қауіп;

Келесі сызбада көрсетілген: қорытынды жоқ, белгісіз, орташа белгілі, белгілі;
Жекелей қауіпке қарсы жариялы қауіп.

Соңғы сызбада көрсетілгендей, қоғамдық қауіп төндіру хабарламасы анық қорытынды жасауға көмектеседі және олар 68%-ды құраған, тек 48% ғана жеке хабарланған қауіптерден тұрады.

Халықаралық жүйенің алгоритмі кейде ауытқып тұрады. XX ғасырда британдықтар немістердің ниеттеріне қатысты қызықты тарихи мысалдарын көрсете алады. Дипломатиялық алмасулар екі мемлекеттің стратегиялық ой-өрісіне ықпал етіп және ағылшындардың шиеленіс барысын таразылап ауыр жағдайын ескеруді үйретті. Әртүрлі дипломатиялық сигналдар британдықтардың пікіріне әсерін тигізді. 1900 жылғы немістердің Британияға өтінішінде, ол Қытайда ықпалын арттыруда ағылшындармен бәсекелеседі деп көрсеткен. Кейіннен Британия Германияның дипломатиясы, Ресеймен шиеленісті болдырмауға бағытталғаны анықталады. Осымен дипломатиялық алмасулар бәсекелес мемлекеттердің ниеттерін білуде ақпарат алушы және беруші қызметін атқарады.